**№7 жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Ата-аналар жиналысының хаттамалары**

**2022-2023 оқу жылы**

**ДТІЖО Е.Абубакиров**

**Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «№7 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Коммунальное государственное учреждение «Общеобразовательная средняя школа №7» отдела развития человеческого потенциала Келесского района**

050540006322, Абай ауылы, Т.Рысқұлов көш. №122
Тел. 8(72532) 3-07-82

050540006322, с.Абай, ул.Т.Рыскулов №122
Тел. 8(72532) 3-07-82

**БҰЙРЫҚ** 01.09.2022 **ПРИКАЗ** №157/1

**«Ата-аналар құрамын сайлау туралы»**

Мектеппен ата-аналар тығыз байланыста болып жұмыс атқару мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Ата-аналар құрамы болып төмендегі ата-аналар сайлансын

**Ата-аналар комитетінің төрағасы Момбеков Нұрбек**

**Мүшелері :** Ибишов Қанат

Алдияров Нұрғали

Қожахметов Тастемір

Эльчибекова Гульмира

Кенбаев Бекзат

**Хатшы:** Лесова Айсулу

**Негізі:** Ата-аналар жиналысының 01.09.2022ж хаттамасының шешіміне сәйкес.

Мектеп директорының міндетін қоса атқарушы: Г.Бекбаева

«Бекітемін»

Мектеп директорының міндетін қоса атқарушы: Г.Бекбаева

**№7 жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Мектепшілік ата-аналар жиналысының жоспары**

**2022-2023 оқу жылы**

| № | Жүргізілетін жұмыстар | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| І- отырыс | 1. Жаңа оқу жылының басталуы. Тақырыбы: «Бала тәрбиесі баршамызға ортақ»<br>А) 2022-2023 оқу жылының мақсат, міндеттерімен таныстыру.<br>Б) Ата-аналар комитетінің сайлау.<br>2. Білім жүйесіндегі жаңа өзгерістер.<br>3. Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың , өз-өзіне қол жұмсауды болдырмаудың алдын алу шаралары туралы.<br>4. «Жаз - 2022» есебі.<br>5. Ағымды мәселелер. | қыркүйек | Мектеп әкімшілігі |
| ІІ-отырыс | Тақырыбы: «Жазғы каникул кезіндегі еңбек пен демалыс»<br>1. Ата-аналар комитетінің жылдық есебі.<br>2. Оқу жылының аяқталуы.<br>3. Әр түрлі мәселелер. | Мамыр | Мектеп әкімшілігі |

ДТІЖО: Е.Абубакиров

«Бекітемін»
Мектеп директорының міндетін қоса атқарушы: Г.Бекбаева

**№7 жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Ата-аналар комитетінің жұмыс жоспары**

**2022-2023 оқу жылы**

| № | Жұмыс мазмұны | Мерзімі | Жауаптылар | Нәтиже |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 1. Өткен оқу жылының қорытындысы,жаңа 2022-2023оқу жылының міндеттері<br>2.Ата-аналар комитетінің жұмыс жоспарын бекіту.<br>3. «Отбасының бала өміріндe алатын ролі» Баяндама | Қыркүйек | Мектеп әкімшілігі | Хаттама<br>Фото |
| 2 | 1.Оқушыларды мектепке қабылдау, оқыту және шығару тәртіптері.Мектеп ережелері мен таныстыру.<br>2.Ағымдағы мәселелер. | Қыркүйек<br>Қазан | Мектеп әкімшілігі<br>Сынып жетекшілері<br>Аа-аналар комитеті | Ақпарат |
| 3 | 1.Мектептегі 5 категория бойынша оқушыларды анықтау,жұмыстар жүргізу.<br>2. Ағымды мәселелер. | Жыл бойы | ДТІЖО<br>Педагог-психолог<br>Әлеуметтік педагог<br>Сынып жетекшілер<br>Ата-аналар комитеті | Ақпарат |
| 4 | Мектепте жүргізілетін тәрбиелік шаралардың оқушылар тәрбиесіне тигізер ықпалы | Жыл бойы | Мектеп әкімшілігі<br>Құқық пәнінің мұғалімі<br>Ата-аналар комитеті | Хаттама<br>Ақпарат<br>Фото |
| 5 | 1. Ата-аналар комитетінің отырысы.<br>2. Ағымды мәселелер | Қараша | Мектеп әкімшілігі<br>Ата-аналар комитеті | Хаттама |
| 6 | Ата-аналар жиналысы:<br>1. 1 жарты жылдық қортындысы.<br>2. «Балаларға білім беруде ата-аналардың құқықтары ме міндеттері ме?» | Желтоқсан | Құқық пән мұғалімі<br>Мектеп әкімшілігі | Хаттама |
| 7 | 1.Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыру,бірлескен жұмыстар<br>2. Ағымдағы мәселелер. | Желтоқсан | ДТІЖО<br>Сынып жетекшілер | Мерекелік шара |
| 8 | 1.Ата-аналар комитетінің отырысы<br>2. Наурыз мерекесін ұйымдастыру | Наурыз | Сынып жетекшілер<br>Ата-аналар | Хаттама<br>Мерекелік шара |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бірлескен жұмыстар<br>3 «Мектеп-оқушы,ата-аналар» бірлігінде атқарылатын жұмыстар. | Жыл бойы | | |
| 9 | «Біз баламызды білеміз бе?» сауалнама | Сәуір | Мектеп психологы | Әзірлеме |
| 10 | 1. Ата-аналар комитетінің отырысы.<br>2. Мектептегі тәрбиеге қиындық келтіретін оқушылармен атқарылатын жұмыстар<br>3. Ағымдағы жұмыстар | Сәуір<br><br>Жыл бойы | Мектеп әкімшілігі<br>Ата-аналар комитеті | Хаттама |
| 11 | Оқушылардың себепсіз сабақтан қалмауын қадағалау | Үнемі | Мектеп әкімшілігі | Ақпарат |
| 12 | Мектеп бойынша балаларды анықтау, ата-аналар мен байланыс жасау. | Жыл бойы | ДТІЖО<br>Сынып жетекшісі<br>Әлеуметтік педагог,педагог-психолог | Ақпарат<br>Фото |
| 13 | Ата-аналардың мектептік іс-шараларға демеушілік көмегі | Жыл бойы | Сынып жетекшілері | Ақпарат |
| 14 | 11 сынып оқушыларын ҰБТ-ға дайындық жұмыстарына ата-аналардың жауапкершілігін арттыру. | Жыл бойы | Мектеп әкімшілігі<br>Сынып жетекшісі | Ақпарат<br>Фото |
| 15 | 1.Жалпы ата-аналар жиналысы<br>2. «Ата-аналар университеті » атааналарға педогогикалық және психологиялық консультацияны ұйымдастыру.<br>3. Жазғы демалыс. | Мамыр<br><br>Жыл бойы | Мектеп әкімшілігі<br><br>педагог-психолог | Хаттама<br>Ақпарат |

ДТІЖО: Е.Абубакиров

«Бекітемін»

Мектеп директорының міндетін қоса атқарушы: Г.Бекбаева

**№7 жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Ата-аналар комитетінің құрамы**

**2022-2023 оқу жылы**

| р/с | Ата-ананың аты-жөні | Туылған жылы | Жұмыс орны | Мекен-жайы | Байланыс телефондары |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Момбеков Нұрбек | 13.12.1981ж | Спорт мектебі психолог | Абай ауылы | 87023100038 |
| 2 | Алдияров Нұрғали | 25.07.1983ж | Жұмыспен қамту орталығы | Т.Рысқулова | 87026778377 |
| 3 | Елшібекова Гүлмира | 02.04.1980ж | №7 ж.о.м мұғалым | Отан көш | 87029628480 |
| 4 | Қожахметов Тастемір | 21.04.1994ж | Саз мектебі | Ынтымақ көш | 87022605958 |
| 5 | Ибишов Қанат | 07.10.1981ж | Жеке кәсіпкер | Ергешов көш | 87014810581 |
| 6 | Кенбаев Бекзат | 10.08.1980ж | Жұмыспен қамту орталығы | Т.Рысқулова | 87017081871 |
| 7 | Лесова Айсұлу (хатшы) | 04.06.1984ж | №7 ж.о.м мұғалым | Құрманғазы көш | 87756128951 |

ДТІЖО: Е.Абубакиров

# Ата-аналар жиналысының хаттамасы

**№7 жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

**Ата –аналар жиналысы**

**№1 хаттама**

**2022 ж**

**қыркүйек айы**

**қатысқандар: ата аналар, мұғалімдер**

## Күн тәртібінде:

1. 1. Өткен оқу жылына қорытынды: Мектеп директорының міндетін қоса атқарушы Г.Бекбаева
   2. «Қыз бала – ұлттың ұяты –халықтың шырайы» Мектеп психологы Ш.Калтаева
   3. Мектептің ішкі ережесі  Е.Абубакиров
   4. Ата –аналар кеңесінің құрамын сайлау.

**Тыңдалды:** Өткен оқу жылына қорытынды.

**Сөйледі:** Мектеп директорының міндетін қоса атқарушы Г.Бекбаева өз сөзінде мектепте атқарылған бір шама жұмыстар туралы айтып өтті. Мектептен жөндеу жұмыстары бойынша сынып бөлмелері, дәліздер,спорт залы түгелдей әктетіліп, сырланды. Барлық терезелердің сынық әйнектері ауыстырылып жаңа оқу жылына дайын екендігі айтылды.

Оқушылардың білімдері туралы айтып өтті ҰБТ-тің қорытындысы бойынша мектептердің мақтанышы «Алтын белгі» иегері Сарсенов Нұрбақыт 133 ұпай жинағанын айтып, алда осындай оқушыларымыз көп болсын деп тілегінде айтып өтті.

**Тыңдалды:** «Қыз бала – ұлттың ұяты – халықтың шырайы» (баяндама б.р)

**Сөйледі:** мектеп психологі Ш.Калтаева

Бала тәрбиесі – игілікті іс берері де, сұрары да, жемісі де мол тәрбие, халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзей алмайсың»-деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік өз-өзіне сенімділікке тәрбиелеу отбасы мен педагогтар шешуші роль атқаратындығы белгілі.

Бүгінгі қыз – ертеңгі ана ол шешеге қарап өсіп, бой түзейді. Балаға білім тәрбие беруде басты тұлға ұстаз болса, оны жалғастырушы, демеуші ата-ана және қоғам.

Ертеңгі ана бүгінгі қыздарды тәрбелеу ананың және баршаның борышы қыз баланы құрметтеу, олардың алдында дөрекі сойлемей ізетті болу халқымыздың игі дәстүрінің бірі.

Ал қазіргі таңда бала тәрбиесіне радио, теледидар,ұялы телефон, газет журнал мен дискатекалар жан – жақты әсер етіп оны тәрбиелеуде. Ата – аналар күн ұзақ жұмыста, бала тәрбиесіне бөлінетін уақыт аз. Сондықтан қыздарымыз өзінмен өзі қалып бара жатқан жайы бар.

Сондыктан әрбір қыз балаға ата-анасы, туыстары,ұстазды сыйлау, үлкенді қадірлеуді үйретсе болашақта халқын сүйетін өз шаңырағын атқаратын, қайратты жан, нәзік ару шығары сөзсіз деп сөзін аяқтап бейне ролик көруді ұсынды.

**Тыңдалды:** Мектеп ішкі ережесі

**Сөйледі:** Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е.Абубакиров

Бала тәрбиесі – мәңгілік мәселе, әрі қиын, әрі күрделі үдеріс. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Ел басымын десең, бесігіңді түзе» дегендей ұрпақ тәрбиесі бесіктен басталатыны баршаға аян. Өйткені бала өміріміздің жалғасы, ертеңі, жарқын болашағымыз, ел мен жердің иесі. Олай болса бала тәрбиесінде ата-ананың жауапкершілігі, міндеті көп. Ата-ана баланы оқытуға, сабаққа уақытында жіберуге, сабақтан кешіктірмеуге, себепсіз сабақтан алып қалмауға, ауырған жағдайда баланы дәрігерге қаратып, мектепке денсаулығы туралы анықтама әкелуге, бір жағдай болып баланы алып қалған жағдайда қол хат жазып, сынып жетекшісіне хабарлауға, баласын мектепке формамен жіберуге, сабаққа әкеліп алып кетуге сабақтан соң міндетті екенін баса айтты.Сонымен қатар мектепке қымбат әшекей бұйымдар тағу болмайтындығы,ұялы телефон алып келмеу керектігі, алып келген жағдайда егер телефоны жоғалса мектеп әкімшілігі жауап бермейтіндігі ескертілді. Сонымен қатар арнайы ауыз судың жоқтығына байланысты әрбір оқушы өздерімен бірге құтыға құйып су әкелу керектігі айтылды.

Кешкі сағат 21.00 дан кейін ата-анасыз 18 жасқа толмаған балалар көшеге шығуға болмайтындығы, көңіл көтеретін орындарға бармау керектігі ата-аналарға ескертілді.

**Тыңдалды:** Ата-аналар кеңесінің құрамын сайлау Ата-аналар комитетінің төрағасы Сарсенов Нұртаза

**Сөйледі:** Ата-аналар кеңесінің төрайымы Н.Сарсенов өз сөзінде өткен оқу жылында мектеппен тығыз байланыста болып, белсене араласқан ата-аналарға алғысын білдіріп, жаңа оқу жылына ата-аналар кеңесінің құрамын сайлау керектігін айтты.

Ата-аналар тарапынан бір ауыздан төмендегі ата-аналарды ұсынды.

**Ата-аналар комитетінің төрағасы:** Момбеков Нұрбек

**Мүшелері:** 1. Ибишов Қанат

2. Алдияров Нұрғали

3. Қожахметов Тастемір

4. Эльчибекова Гульмира

5.Кенбаев Бекзат

6. Хатшы- Лесова Айсулу

**Шешім:**

2. «Қыз бала – ұлттың ұяты- халықтың шырайы» баяндамасы назарға алынып мектепте «Сымбат» қыздар ұйымының жұмысы жүргізілсін.

2. Мектептің ішкі ережесін сақтау ата-аналар тарапынан қадағалансын.

3. Ата-аналар кеңесінің құрамы болып төмендегі ата-аналар сайлансын.

Ата-аналар комитетінің төрағасы: Момбеков Нұрбек

Мүшелері: 1. Ибишов Қанат

2. Алдияров Нұрғали

3. Қожахметов Тастемір

4. Эльчибекова Гульмира

5. Кенбаев Бекзат

6. Хатшы- Лесова Айсулу

**Мектеп директорының міндетін қоса атқарушы:** **Г.Бекбаева**

**Хатшы:** **А.Лесова**

«№7жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мекемесінің 9-10-11 сынып оқушылары арасында өткізілген жиналыстың

**Хаттамасы**

15.09.2022ж

Абай ауылы

Мектеп директорының міндетін уақытша атқарушы : Г.Бекбаева

Келес АПБ КТІЖ инспекторы полиция аға лейтенанты мектеп испекторы А.Бөбекбай.

Келес АПБ КТІЖ инпекторы полиция капитаны А. Интикбаева

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Абубакиров Е.

Мектеп психологы: Калтаева Ш

Мектеп медбикесі: Бегалиева А

Сынып жетекшілер 9-10-11 сынып оқушылары

**Күн тәртібінде**

3. Ерте жүктіліктің алдын алу мақсатында түсіндіру жумыстарын жүргізу.
4. 9-10-11 сынып оқушыларының тәртібі мен сабақтан мектеп формасы туралы.
5. Әр түрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша мектеп инспекторы Бөбекбай Ардақ Нурланқызы және Интикбаева Акерке Ергалиевна жасөспірімдердің қылмысы, құқық бұзушылықтың алдын алу туралы айтып, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Түнгі мезгілде ( кешкі сағат 22.00-ден азанғы 06.00-ге дейін) беймезгіл жүрмеу, яғни «Бос уақытын шектеу» туралы айтып өтті. Құқық бұзушылықпен қылмыстың, нашақорлық пен есірткінің, алдын алу бойынша азық-түлік дүкендерде ойынханаларға, көлік жуу орындарына, кафе барға, караокелерге және түнгі беймезгіл уақытта кәмелетке толмағандардың көшеде жүруінің алдын алу мақсатында рейдтер ұйымдастырылып профилактикалық жұмыстар жүргізіліп жатқандығын айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Е. Абубакиров сөзге шығып оқушылардың сабақтан кешікпеуі, сабақ уақытында телефон ұстамауы, мектеп формасын киіп келуді және оқушылардың тәртібі туралы айтып өтті.

**Жиналыс қаулы етеді:**

3. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында профилактикалық іс-шара жүргізу.
4. Кешкі уақыттарда көше, кафелерде, ойын –сауық орындарында жүруге тыйым салынсын.

Жиналыс төрайымы: Г.Бекбаева

Хатшы: Э. Арыстанова